



# Мұнайлы

Газет 2009 жылдың  
01 мамырынан  
шығады



www.mmg.kz

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының газеті



№08 (95), қыркүйек, 2017 жыл

# ӨЛКЕ

3 қыркүйек - мұнай-газ кешені қызметкерлерінің Күні

## ЕЛІНІҢ ҚАЗАНЫНА ЫРЫС САЛҒАН

Ел экономикасының салмағын көтерген мұнай-газ кешені қызметкерлерінің мерекесіне орай Абай атындағы мәдени-демалыс кешенінде салтанатты жиын өтті. Мерекелік жиынға облыс әкімі Ералы Тоғжанов, «Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Сауат Мыңбаев, облыстық басқарма мен мемлекеттік мекеме басшылары, мәслихат депутаттары, ардагер мұнайшылар және облыс жұртшылығы қатысты.



саласының қарқынды дамуының арқасында экономикамыз жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді. Тәуелсіздік жылдарында ел мұнайшылары қыруар жұмыс атқарды. Алда тұрған міндеттер де зор. Салаға тын технология әкеліп, жаңа кенорындарын игеру, мұнайды сыртқа шығару жолдарын кеңейту және өңдеу қажет. Еліміздің мұнай саласында еңбек ететін азаматтар бұл міндеттерді абыроймен атқарып, индустриалдық-инновациялық

Осынау атаулы күнді мерекелеуге жиналған қауым алдымен Маңғыстау мұнайының тарихынан сыр шертетін бейнеуікті тамашалады. Жиын басталар сәтте сахнаға Мемлекеттік Ту әкелініп, еліміздің Әнұраны орындалды. Облыс әкімі Ералы Тоғжанов көпшілікті мерекемен құттықтап, ақжарма лебізін жеткізді:

– Қадірлі ағайын, құрметті мұнайшылар! Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің мерекесі құтты болсын! Маңғыстау – кен байтақ өлке. Оның қойнауы табиғи байлыққа толы. Соның бастысы – мұнай мен газ. Осыдан 56 жыл бұрын алғашқы атқылған мұнай бұрқағы өлкеміздің дамуына жол ашты.



Бұл күндері облыс аумағында 70-тен аса кен орнындары ашылып, халық қазынасын молайта түседі. Маңғыстау мұнайының бастауында тұрған Нәсіпқали Марабаев, Рахмет Өтесінов, Табын Нұржанов, Қамысбай Мырзағалиев, Сағидолла Нұржанов, Әділ Нұрманов, Жолдас Тоқжанов, Виктор Неचाев, Валентин Токарев, Қамқа Үмбеталина және тағы да басқа ағаларымыз мұнай-газ саласына ғана емес, Маңғыстау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына үлесін қосты. Қазіргі таңда облыста елімізде өндірілетін мұнайдың 25 пайызы шығарылып отыр. Мұнай-газ

дамуымызға үлес қосатынына сеніміміз мол. Дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге табыс, отбасыларыңызға бақ-береке тілеймін, – деді облыс әкімі Ералы Тоғжанов.

Аймақ басшысы Ералы Тоғжанов ел ырыздығын еселеуде жемісті еңбек еткен бірқатар еңбек адамдарына Құрмет грамотасы мен Алғыс хаттар табыстады.

Жиналыста «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі аясындағы Маңғыстау облыс күндерін өткізуге белсене қатысқаны үшін облыс Әкімінің Алғыс хатына ие болды.



ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ҚҰТТЫ БОЛСЫН

Салтанатты жиынға қатысушыларды мерекемен «Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Сауат Мыңбаев құттықтады:

– Құрметті маңғыстаулық мұнайшылар! Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуында Маңғыстаудың қосқан үлесі мол. Республикамызда өндірілетін мұнайдың 20 млн. тоннасы осы облыста шығарылады. Бұл жолда сіздер жарқын еңбектің үлгісін көрсеттіңіздер. Мұнай және газ өндіру көлемі артып, қара алтынды тасымалдау көлемі 60 миллион тоннаға, газ 88 млрд. текше метрге жетті. Мұндай көрсеткішке қара алтын өндірісінің қалыптасуындағы қиындықты еңсеріп, бүгінгідей үрдісті қалыптастырған аға-апаларымыздың, сол жолды жалғаса кәсіргі зріштертеріміздің еңбегінің арқасында жетіп отырмыз. Сіздерді Маңғыстау мұнайының 56 жылдық мерекесімен құту құттықтай отырып, елімізге тыныштық, еңбектеріңізге береке, жаңұяларыңызға бақыт тілеймін, – деді Сауат Мұхаметбайұлы.

Салтанатты сәтте бірқатар озат еңбеккерлер «Мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін» Энергетика министрлігінің медалімен және Алғыс хатымен, «Самұрық-Қазына» ұлттық әуақат қоры» АҚ Құрмет грамотасымен, «Қазмұнайгаз» ҰК» Құрмет грамотасымен, естелік белгісімен марапатталды. Осылайша, екпінді еңбек тынысын толастатпай, өндірістің қазанын қайнатып жүрген мұнайшылар құрмет пен ыстық ықыласқа бөленді.

– Мен «Өзенмұнайгаз» АҚ 14 жылдан бері жұмыс жасаймын. Мерекеде Сауат Мұхаметбайұлының қолынан Құрмет грамотасын алып, мерейіміз өсіп, бір жасап қалдық. Жұмыс барысында білмегенімді тәжірибесі мол аға-апаларымыздан сұрап, білгенімді жастарға үйретеміз. Бізге артылған сенімнің үдесінен көрінуге тырысамыз, – деді аталған акционерлік қоғамның өндіріске қызмет көрсету пехы басшысының орынбасары Нәжімадин Аманқосов.

Мерекелік шараның ресми бөлімі аяқталған соң, көпшілік назарына «Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ қарасты компаниялардың жас мұнайшылары дайындаған концерттік бағдарламасы ұсынылды. Осыдан 30 жыл бұрын құрылған «Сәлем» вокалды аспаптар ансамблі, жастардан құралған «Қаламқас» вокалды аспаптар ансамблі және өнерпаз мұнайшылар кешті әсем ән, қазақы көркем бимен, күмбір күймен көмкеріп, салтанат мерейін тасыта түсті.

## МҰНАЙШЫЛАР ҚҰРМЕТ ҚҰШАҒЫНДА

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы мұнай-газ кешені қызметкерлерінің мерекесі кен көлемде тойлады. Төл мейрамда компанияның бас кеңсесінде басшылық сапа ардагерлері мен аппарат ұжымын мерекемен құттықтап, ақ тілектерін білдірді.

– Қадірлі ардагерлер мен зріштерестер! Сіздерді төл мерекемен шын жүректен құттықтаймын. Ағымдағы жылдың 9 айының қорытындысында 124 млрд. теңге мемлекеттің қазынасына құйылды, 4 млрд. теңге облыстық және республикалық деңгейдегі түрлі шараларды өткізуге жұмсалды. Бұл – мұнайшылардың еңбегінің жемісі. «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының ұжымы өткен айда 150 млн. тонна мұнайын өндіруге қол жеткізді, жақсы

көрсеткіш көрсетті. Соңғы 3-4 жылда «Жетібаймұнайгаз» мұнай өндіру көлемі жылдан жылға артып келеді. Мәселен 2016 жылы 2 млн. 186 мың тонна болса, осы жылы 2 млн. 190 мың тонна өндіріледі. Ұжымның бірлесіп еңбек етуінің арқасында осындай еңбек тартуына қол жеткізді. Бізге сервисік қызмет көрсететін компанияларға алғысымызды білдіреміз. Қазіргі таңда Жетібай кенорнында геологиялық-сейсмикалық жұмыстар жүргізілуде. Келесі

жылы Қаламқас кенорнында осындай істерді бастау жоспарланып отыр. Бұл жұмыстардың нәтижесінде мұнай өндіру көлемі арта түседі. Дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге табыс, жаңұяларыңызға бақ-береке тілеймін, – деді «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры Бақыт Иманбаев.

Жиында аталған акционерлік қоғамның бас директорының бірінші орынбасары міндетін атқарушы Тянь Кэцзянь жер қойнауының байлығын ел игілігіне жаратқан мұнайшыларды мерекемен құттықтап, ізгі лебізін жеткізді. «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы қоғамдық

бірлестігінің төрағасы Талғат Айдынов еліміздің өркенінің өзгертіп, халықтың тұрмысын түзген шикізаттың шежіресіне тоқталып, жиналғандарға мерекелік тілегін жолдады.

Акционерлік қоғамның қабырғасында өткен мерекелік шарада өнерпаз мұнайшылар әнін шашу шашып, көпшілікке көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Маңғыстау мұнайының бастау алған жері Жетібайда да ел ырыздығын еселеген еңбеккерлер атаулы күнді мерекелеп, сый-құрметке бөленді. Думанды мейрамда алаңға әсем безендірілген сахна құрылып, тігілген киіз үйлерде мол дастархан жайылды.

(Жалғасы 2-3 бетте)



# МҰНАЙШЫЛАР ҚҰРМЕТ



Мұнайшыларды облыс әкімінің орынбасары Мақсат Скаков, Қарақия ауданы әкімінің орынбасары Ержан Күмісқалиев, «Манғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры Бақыт Иманбаев, бас директордың бірінші орынбасары міндетін атқарушы Тянь Кэцзянь, «Манғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы қоғамдық бірлестігінің төрағасы Талғат Айдынов, «Нұр Отан» партиясы Ақтау қалалық филиалының «Манғыстаумұнайгаз» АҚ» бастауыш партия ұйымының төрағасы Ғани Әбдісәліев құттықтай барды.

– Армысыздар қадірлі қауым! Баршаныңды бүгінгі мерейлі мерекемен құттықтаймын! Мұнай-газ саласы – Қазақстан экономикасының құретамамы. Сіздер жер байлығын халықтың ырзық-несібіне айналдыру жолында талмай еңбектеніп келесіздер. Бүгінгідей күнге жеткеніміз – тәуелсіздіктің, еліміздің амандығының, жұртымыздың тыныштығының, Елбасымыздың саясатының арқасы. Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласын жариялап, атабадан қалған аманатты, рухани қазынамызды сақтауға, қадірлеуге, ұрпақтан ұрпаққа жеткізуге үндеді. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлестеріңізге зор алғыс айтып, дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге береке, жаңуларыңызға бақыт тілеймін, – деді облыс әкімінің орынбасары Мақсат Скаков.

Салтанатты сәтте Мақсат Нұрлыбекулы туған өлкені өркендету жолында төрт тәуір, қажырлы еңбек еткен мұнайшыларды Маңғыстау облысы әкімінің Құрмет грамотасымен, Алғыс хатымен марапаттады. Жиналғандарды мерекемен құттықтаған Қарақия ауданы әкімінің орынбасары Ержан Күмісқалиев «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы ауданның әлеуметтік-экономикалық жағдайына зор үлес қосқанын жеткізіп, қара алтынды халық игілігіне жаратуда жарқын еңбектің үлгісін көрсеткен мұнайшыларды Алғыс хатпен марапаттады.

«Қадірлі ардагерлер, құрметті әріптестер! Сіздерді бүгінгі мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күнімен құттықтаймын! Жаздың ыстығына, қыстыңызғарлы суығына қарамастан жылдың төрт мезгілінде еңбек етіп, ел экономикасының дамуына үлес қосып келесіздер. Нарықта мұнай бағасының құлдырауы әрбір компанияның алдына талаптар мен тапсырмалар қойды. Осы қиындықтарды еңсеріп, өндіріске жаңа технологиялар енгізуге белсене кіріскен «Манғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы «ТазМұнайГаз» ұлттық компаниясы қоғамдастығы компаниялар ішінде үздік көрсеткіш көрсетіп, мұнай өндіру көлемін арттырды. Басшылықтың бастамасын қолдаған ұжымға алғысымыз білдіріп, туған жерімізді өркендету жолындағы еселеді еңбектеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық, елімізге тыныштық тілеймін!» деген «ҚазМұнайГаз» ҰАҚ АҚ адам ресурстарын басқару жөніндегі вице-президенті Серік Әбденов бірқатар мұнайшыға мұнай-газ саласының дамуына қосқан үлесі, еңбектегі кәсіби біліктілігі мен жетістігі үшін Энергетика министрінің, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының Құрмет грамотасы мен Алғыс хатын табыстады.

Мұнайшыларды акционерлік қоғамның бас директорының бірінші орынбасары міндетін атқарушы Тянь Кэцзянь, «Манғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы қоғамдық бірлестігінің төрағасы Талғат Айдынов құттықтап, әр отбасына амандық, елге ынтымақ пен бейбітшілік тілеп, ақжарма лебізін білдірді.



– Құрметті ардагерлер, сервистік компаниялардың ұжымы! Бүгінгі төл мерекеміз құтты болсын! Бір жағадан бас, бір жеңнен көл шығарып жұмыс істеп жатқан барлық ұжымға алғысымыз білдіремін. Компанияда мұнай өндіру көлемін арттыру бағытында қарқынды жұмыс жүргізілуде. Маңғыстау мұнайшыларының үлкен өндіріс мектебіне айналған құт мекенде қазір мұнай юра қабатынан өндіріліп жатыр. Мұнда 53 миллиондай кара алтын қоры бар. Бұл көлемді арттыру мақсатында Бектұрлы, Придорожный, Жетібай кен орындарында полеозой қабатынан мұнай өндіру үшін сейсмикалық жұмыстар жасалуда. Жоба жемісті жүзеге асса, Жетібай кенорынының тағы бір тынысы ашылады. Осы жылға жоспарланған 6 млн. 350 мың тонна кара алтын өндіру көлемін межеден асырып орындаймыз деген сенімдемін. Жауапты да абыройлы міндетті жүзеге асыру жолында баршаныңа қажымас қайрат, ұйымшылдық пен береке-бірлік тілеймін, – деді құттықтау сөзінде «Манғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры Бақыт Иманбаев.

Салтанатты сәтте өндірістік көрсеткіштің өсімін арттырып, еңбек тартуын әзірлеген бірқатар мұнайшыға «Манғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының Құрмет грамотасы мен Алғыс хаттары табысталды.

– Мен 1982 жылдан бері агрегат мотористі болып жұмыс жасаймын. Мұнайшы ағаларымның жолын қуып, мен де осы мамандықты таңдадым. Қазір балам менің қасымда машинист қызметін атқарады. Осы уақытқа дейін мемлекеттік және кәсіби мерекелерде бірнеше мәрте марапаттарды иелендім. Өрқайсысының өзіндік маңызы бар. Бүгін «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының Құрмет грамотасы иелендім. Барша әріптестерімізді мерекемен құттықтай отырып, амандық, мол табыс, отбасыларына



бақ-береке тілеймін, – деді «Ойл транспорт корпорейшн» ЖШС жұмысшысы Бекбай Қанатов.

«Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының бастығы Жолдасбек Ешмановтың айтуынша, Жетібай кенорында жыл басынан бері 1 млн. 523 мың тонна мұнай өндірілген. Өндіріс басындағы жаңалықтармен бөліскен ол Асар кенорында бір ай бұрын басталған

\*\*\*

**«Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы вахталық кентінде өткен мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күніне арналған салтанатты іс-шараға қатысын, мұнайшылардың қуанышына ортақтасып қайттық.**

Алтын уақыт сонау жастық күндерімізді еске салады. Шетелдік жайлы көліктің ішінде тербеліп келе жатып, өткен жылдардың суретін іздейсің. Екі қапталда жарысып, қалып жатқан кең көсілген даланың көзге таныс көрінісі, Маңғыстауда ғана бар, сұлулығымен, мезгіл салған келбет-бейнесімен таңдандырар аппақ таулар сол бағығы күйінен өзгермеген. Өзгерген мұнайшылардың тыныс-тіршілігі, жай-күйі... Мына тақтайдай тегіс жол да сексенінші жылдардай шандатып жатқан жоқ.

Ой-ойдың қуғыншысы, вагондарда жатып, ыстыққа күйіп, аязға тоңып, «Қаламқастың мұнайын ел игілігіне жұмсаймыз» деп моншақтата тер төккен Көшербай Әлібаев бастаған майталмандар еске түседі. Комсомолдық бригаданың бекеті мүшелері, біздің қатарластарымыз - Қосай Жұбаназаров, Қайыржан Тасқалиев, Марағат Жүсіпов, Ғұсман... кім елі тағы, есімі әп дегенен еске түспей қалған озағат бейнесі тізіледі. Ия, жетістік, табыс жайлы айтсақ, алдымен кенорны игеруіңізді бастауында тұрған ардагерлерсіз әңгіменің ажары кірмейтіні тағыра.

... «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының вахталық кентінің мереке арналған сахнасы түрлі-түсті шарлармен әсем безендірілген. Бір-бірін құттықтаған, жүзіне шұақ қондырып, жайдары күлген көпшілік. «Алтын күздің әр қадамы бақ әкелсін барша маңғыстаулықтарға, мұнайшыларға!» деп салтанат тізгінін қолға алған Жанат Нұрғали қарындасымыз қонақтарға сөз кезегін беріп жатыр.

– «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы ауданымызда өтетін әр түрлі шараларға демократиялық жасап келеді. Бюджетімізге түсетін салықтық басым діні «Манғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы үлесіне тиелі. Биылдың өзінде мұнайшылар шалғай жайылымдардағы 4 фонтанды құлықты тазалап берді. Мұндай көмектер айта берсек аз емес. Мердігер мекемелерді қосқанда «Қаламқаста» 2 мыңға жуық ауданымыздың тұрғындары еңбек етеді, – деп алғашқы болып сөз кезегін алған Маңғыстау ауданы әкімі орынбасары Талғат Қыланов екі жақты байланыстың көрді, нәтижесін бүкіл аудан жұртшылығын пайда отырғандығына мысал келтіріп, өндіріс майталмандарының еңбегіне табыс тіледі.

Мұнайшыларды төл мерекесімен «Манғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы бас директорының бірінші орынбасары Пэй Цзяньхэнь, бас директорының жаңа технологиялар бойынша орынбасары Қазбек Қиынов құттықтады. Қаламқас кенорны игерілуінің бастауында тұрған еңбек ардагері Өрен Сағындықов қиындыққа мойымай, жергілікті-вагондарда жатып, төрт тәуір, ел игілігі еселеуге өлшеусіз үлес қосқан ардагерлерді еске алып, олардың ісін жалғастырып жатқан кейінгі толқын-інілеріне ағалық аманаттың

# ҚҰШАҒЫНДА



жеткізді. «Ойл Сервис Компани», «Манғыстауэнергомұнай», «Ойл Констракшн Компани», «Ойл Транспорт Компани», «Мұнайтелеком» ЖШС-тері өкілдері сөз алып, құттықтау лебіздерін білдірді. «Нұр Отан» партиясының Алғыс хатын Қаракия аудандық мәслихаты депутаты, «Манғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының өкімшілік мәселелері бойынша орынбасары Жетібай Төлегөжаев тапсырды.

жылдар еңбек етті. Бүгін біздің әулет үшін ерекше күн. Зайыбмұн Халида «Еңбек ардагері» медалімен марапатталып, қуанып отырмын. Біз көрген қиындықты жастар көрмесін деймін. Мұнайымыз көп болсын, табысқа жете берейік! Мереке құтты болсын! - дейді Халида апамыздың жұбайы, ардагер мұнайшы Геннадий Хайретдинов.

Мереке қызығы таусылар емес. Сахнада калықтаған ән. Өнерпаздар да «Манғыстаумұнайгаздың» өз қызметкерлері. Әне бір жерде кір тасын көтеріп, белдесіп, күш сынасып жарысқа түскен де «Қаламқастың» мұнайшылары. Жүздері шаттыққа толы көпшілік жадырай күліп, өткенді бүгінмен сабақтастыра әңгіме өрбітіп, ерекше көңілді.

«Манғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамында өндірілетін жалпы мұнай көлемінің 70 пайызын Қаламқас кенорны беріп отыр. «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасында 1980 жылы 2 қарашада алғашқы миллион тонна

мұнай алынды. 2005 жылы 6 маусымда 100 миллион тонна мұнай өндірілді. Үстіміздегі жылдың маусым айында 150 миллион тонна межеден көрініп, мерекені жақсы көңіл-күйде қарсы алып отырмыз. Өрине, бұл ортақ табыста мұнайшылармен бірге жұмыла жұмыс істеп жатқан мердігер мекемелер жұмысшылардың да үлесі мол, - деп «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ бастығының бірінші орынбасары Қазбек Нұрмұханов алдағы меже-мақсаттары жайында ой бөлісті.

Меже жайында әлгіде «Манғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының жаңа технологиялар бойынша орынбасары Қазбек Кетебайұлы да айтып кеткен. «Қаламқас» мүмкіндігі әлі де сарқылған жоқ. 2018-2019 жылдарға арналған жоспарлар шеңберінде геофизикалық жұмыстар жүргізіліп, жер асты қабаты құрылымдарына жан-жақты барлау жұмыстары басталмақ. Қаржыдан таршылық болмай, ой-мақсат іске асып жатса, кенорнының екінші тынысы ашылар күн де алыс емес...



Жыл бойына үздік нәтиже көрсетіп, өндірісте жетістіктермен көріне білген бір топ озаттар есімі аталды. «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ №4 мұнай және газ өндіру цехының 5 дәрежелі мұнай және газ өндіру операторы Мұратбай Данабаев облыс өкімінің Алғыс хатымен, газ өндіру, дайындау және тасымалдау цехының 5 дәрежелі электрмен дәнекерлеушісі Тұрар Ығалұлы ҚР Энергетика министрлігінің Құрмет грамотасымен, бірнеше маман «КННК Интернационал Қазақстан» ЖШС, «Манғыстаумұнайгаз» АҚ, «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ, сервистік мекемелер Грамотасы, Алғыс хаттарымен марапатталды. Ардагерлер де ұмыт қалмады. Сонау алпысыншы жылдары еңбек жолын Өзеннен бастаған Халида Хайретдиноваға «Еңбек ардагері» медалі табыс етілді.

Ерлі-зайыпты екеуіміз 1969 жылы Өзенге комсомолдық жолдамамен келдік. Кейін 1979 жылы әйелім Қаламқасқа ауысып, күрделі құрылыста экономист болып ұзақ



**РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ**

**БІЗ ХХІ ҒАСЫРДЫҢ ЖАҒАНДЫҚ ҚАРТАСЫНДА**

ЕШКІМГЕ УҚСАМАЙТЫН, ДЕРБЕС ОРНЫ БАР

ҚҰТ БОЛАМЫЗ ДЕСЕК, ӘЛЕМ БІЗДІ

МӘДЕНИ ЖЕТІСТІКТЕРІМІЗБЕН ТАРТУ КЕРЕК

Н.Назарбаев

Өнерліге - өріс кең

## ҚАЛАМҚАС КЕШІ КӨҢІЛДІ

3 қыркүйек күні Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күніне орай, Қаламқас жастары әдеттегідей домбыра кешін ұйымдастырды. Осыдан екі жыл бұрын мұнайшылар қалашығында тұсауы кесілген мәдени кеш бүгінде көптің асыға күтетін шарасына айналған. Әсем ән тыңдап, төкпе жырмен сусын-азаған көрерменнен көкөйлеріндегі көркем ойларын сұрап білген едік:



**Айбек Жұрымбаев, "Қаламқас-мұнайгаз" ӨБ өндірістік жұмыстардығылымы зерттеу цехының операторы:**

«Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасында қызмет жасап жатқаным баяндай 10 жыл болды. Өзім шығармашылық ортаның адамы болғандықтан алғашында нәпақа айырған кешітін кеші де көңілсіз көрінетін. Жұмыстан қалжырап келгенде жан-сарайың әсем ән, төкпе күй тыңдағанды қалап тұратын. Күндер өте келе, көже қарын емес, көңіл қарының қамы деп қалашықты аралап жарнама қағазын ілетін Еділмен жолықтым. Өнер десе өлуге бар нағыз азамат жігіттер екен. Күйбең тірлік деп тәрк еткен домбырамды алып, халықтың алдына қайта шықтым. Сол кездегі қобалжудан бөлек, қуанышымды көрсеніз ғой. Қазір кеш қарайса «Қаламқас кештерін» көруге асығатын жұрттың қарасы көп. Ағабуынның жастармен жарыса домбыра, гитара одан қала берді баянның құлағында ойнайтыны қуантады.

**Қайрат Қарабалаев, "Қаламқас-мұнайгаз" ӨБ мұнай және газ дайындау цехының операторы:**

Үнемі әріптестер арасында 1-ауысым вахтасындағы жігіттердің керемет кеш өткізетіні туралы әңгімені жиі құлағым шалатын. Өзім асаба болғандықтан қазақтың той-салтанатында көп жүремін. Сондықтан іштей өнерлі орман табысқан деп

армандайтынмын. Бүгін міне, осы кешке 2-мәрте қатысып отырмын. Аты алыстан естілетін шығармашылық жігіттердің жаңынан табылғаныма қуаныштымын. Музыкамен сүйемелдейтін аппараттың қызметі қазір менің жауапкершілігімде.

**Афу Дүйсенбай, "Манғыстау-энергомұнай" ЖШС кешенді мұнай дайындау және өткізу цехының элекстриті:**

«Қаламқас кештері» - көп жаңағы өнерін ортаға салуға үлкен мүмкіндік. "Өу" демеітін қазақ жоқ кой. Әйтсе де, өнер мен өндірісті қатар алып жүрген жастар көп. Бүгін өнер көрсеткендердің қатарында "SEMSEK SECURITY" ЖШС-нен Серік Өрбін, "ОСК" мекемесінен Ескендір Науханов, "АСАК" ұжымынан аспазшы Аскар Тілеуов, "Манғыстау энергомұнай" ЖШС-нен Батырбек Қосбармақов, "КаспийПрофСнаб" ЖШС-нен Жетібек Мендібай, Ақансері Мендібай бар. Керемет кеш өтті. Шағын қәдес-ыйлар тартылды. Осының барлығын ұйымдастырып, жаңын салып жүгіріп жүрген Еділ Бекмұратовқа, барлық Қаламқас кенорны басшыларына алғыс айтамын. Елбасымыздың рухани жаңғыруы мұнайшылар өміріндегі рухани өзгеріске жасалған жақсы қадам деп ойлаймын. Керемет кештің әсерін айтып жеткізе алмаймын. Көрү керек.

Жанат Кемал

### Қайырымдылық

## БАЛА ҚУАНЫШЫ

Бүкіл ел бойынша жаңа оқу жылы қарсаңында балаларға қайырымдылық көрсету дәстүрге айналып, биылғы жылы да өз жалғасын тапты. Осы игі дәстүрге біздің жетібайлық мұнайшы әріптестеріміз де үн қосып, ағымдағы жылдың тамыз айында Мұнайшы кентінің тұрғыны аз қамтылған Борабаев отбасына қаржылай көмек көрсетті.

Ата-анасының екеуі де мүгедек, жұмыссыз болғандықтан жаңуының табыс көзі кешті. Биыл 7-сыныпқа көшкен Фариданың көңілін түсіріп жүрген осы жайт болатын. Алайда, мұнайшы ағалары хабарласып қаржылық көмек туралы мәң-жайды баяндағанда Фариданың қуанышы қойнына сыймай сол күнді асыға күткені рас. Ол күн де келіп жетіп, Фаридана анасы екеуі демеуші азаматтармен бірге қаладан оқуға қажетті құрал-жабдықтар мен мектеп формасын өз қалауымен таңдап алды. Фариданың анасы Алтын Тұрғанова жаңуысына көмектескен жандарға жылы лебізін білдіріп, алғыс айтты.

«Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын», демекші, осындай іске басшылық



етіп, көмек көрсеткен «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы ұнғымаларды күрделі жөндеу және бұрғылау бөлімінің ұжымындағы қайырымды азаматтарға айтар алғысымыз шексіз, - дейді ол.

Бөлім қызметкерлері аталмыш акцияның қыркүйек-қазан айларында да жалғастатынына байланысты әріптестеріміз тағы да бес оқушыны киім-кешек, оқу-құралдармен қамтуды жоспарлап отыр. Өркеш жүргеніміз кен, пейіліміз ақ болып жақсылық жасауға ұмтылып тұрайық!



## СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ - НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

## Құттықтау

## Құрметті мұнайшылар, қадірлі әріптестер!

Мұнайшылардың төл мерекесі «Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күні» мерекесімен «Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС ұжымы атынан шын жүректен құттықтаймын. Компаниямыздың барлық қызметкерлеріне өндірістегі адал еңбектері мен керемет нәтижелері үшін үлкен алғысымды білдіремін. Биылғы жыл елімізге ерекше жыл. Себебі елордамызда халықаралық «ЭКСПО-2017» көрмесі өткізілуде. Көрмеге біздің жұмыскерлер болып қатысып, өз үлесімізді қосудамыз.

Сондай-ақ, «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ биылғы таңда 150 000 000 тонна мұнай өндіріп отыр. Бұл мұнайшылар күніне үлкен сыйлық! Сонымен бірге Қаламқас кен орында БТКБ мекемесіне қарасты, көптен күткен 400 бірлік автолікке арналған жаңа гараж ашылуда. Бұл мекеме өміріндегі қуанышты сәт!

Мұнай өндіруші мекемелерге сервистік қызмет көрсету арқылы, мұнайшылармен қоян-қолтық араласа отырып, алға қойған мақсатымыз бен ұстанған бағытымыз бір болғандықтан, бұл мерекелердің де біз үшін орны ерекше. Осындай қуанышты күндерде Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еліміздің баянды болашағы, игілігі жолындағы еңбектеріңізге үлкен жетістіктер,



мол табыстар тілеймін.

Сіздерге, Қазақстанның өсіп-өркендеп дамуына қосқан үлестеріңізге және де мұнай игеру саласындағы абыройлы істеріңіздің ырысы мен берекесін көруіңізге тілектестік білдіремін.

Бойларыңызға сарқылмас күш-қуат, еңбектеріңізге таусылмас жетістік, отбасыларыңызға ортаймас бақ-ырыс тілеймін!

Құрметпен,

**С.Ж. Кеулмжаев**  
«Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС  
Бас директоры

## Құрметті ұжымдастар!

Сіздерді мұнайшылардың төл мерекесі «Мұнай және газ кешені қызметкерлерінің күні» мерекесімен кәсіподақ атынан шын жүректен құттықтаймын. Мұнайшы мамандығы аса төзімділікті, еңбекке шынайы берілгендікті және ұжымдық ауызбіршілікті талап етеді. Сондықтан да әрқашан кәсіподақ пен жұмысшылар бірлесіп жұмыс жасап, талай белестерді алады деп сенемін.

Мұнайлы Маңғыстауымыз өркендеп, гүлдене берсін. Баршаныңды мерекелеріңізбен құттықтаймын Сіздерге мықты денсаулық, жаңа табыстар және отбасы амандығын тілеймін. Барша бастама-талпыныстарыңыз жемісті болып, еліміз – Қазақстан мәңгі ел болып көркейе берсін!

Құрметпен,

**М.Б. Темірқасов,**  
«Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС жергілікті кәсіподақ төрағасы

## Астана мейрамы - мұнайшылар шараларының арқауы



Сайын Сарыарқаның төсінде тотыдайын таранған Әз-Астананың жылдан-жылға алып Азия мен Еуропаның шоқтығы биік қалаларының біріне айналатынына, бара-бара алдағы ғасыр үлесінен биік орын алатынына, батыл үміт пен нық сенімнің тұңғалы тірегі боларына бүкіл қазақ жұртшылығы сенімді еді. Қазақстанның жас елордасы бүгінгі Астана қарыштап дамыған мемлекеттің, мәңгілік достықтың символы ретінде қазақ жұртшылығының жүрегінде мәңгі сақталуда. Биылғы жылы да жалпыхалықтық Астана мерекесінің тарихи маңызын «Маңғыстау-энергомұнай» ұжым қызметкерлері арасында насихаттау мақсатында төмендегі шаралар жүзеге асты:

- Қаламқас, Жетібай кенорындарындағы база ғимараттарында «Астана-тұғырлы орда» атты ақпараттық бұрыштар ұйымдастырылып, онда кенорының жас мамандары даярған тақырыптық рефераттар, әдеби кітап, газет басылымдары, мерекелік құттықтаулар орын алды;

- Серіктестік жұмысшыларының балалары арасында «Астана – мақтаншым

менің!» атты суреттер сайысы өткізіліп, сайыс жеңімпазы **Тынышбаев Шерханға** 7000 теңге, «Жас суретші» номинациясы бойынша **Нұр Темірланға** 5000 теңге ақшалай марапаттау көрсетілді;

- «МЭМ» ЖШС жергілікті кәсіподақ ұйымы мен әлеуметтік ақимшілік топ бірлесіп отырып, мүжәлісіз отбасылар Ж.Шынасылова мен С.Умарованың жанұяларында болып, мерекемен құттықтап, әрқайсысына 50000 теңгеден әлеуметтік көмек көрсетілді;

- Серіктестік жұмысшыларының ауысымаралық демалыстарын тиімді ұйымдастыру барысында шашка, шахматтан сайыс ұйымдастырылып, Ж.Аймағамбетов, Ж.Мерекеев, К.Қалпақов, С.Аубақыров секілді қызметкерлер жүлделі орындарды иеленіп, ақшалай марапатталды.

Әрине, Астана төріндегі игі істер жыл өткен сайын бүкіл қазақ жұртының, әсіресе ерен еңбек иелері – мұнайшылардың асқақ абыройы мен сенімін одан сайын тереңдетуде.

**Р.Сәрсенғалиева**  
«Маңғыстау-энергомұнай» ЖШС

## Құрметті Мұнай-газ кешені қызметкерлері, әріптестер!

Сіздерді Еліміздің жарқын мерекесі – Қазақстан азаматтары мен мемлекетінің өркендеуі және нығаюының кепілі Ата Заңымыздың қабылданған күнімен және Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің төл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Еліміздің әлеуметтік, экономикалық кемелденуіне, энергетикалық қауіпсіздігіне кәсіптің барлық қиындығын көтеріп, зор үлес қосып отырған ұжымыңыздың әр отбасына амандық, жемісті еңбек, жарасымды тұрмыс, мол табыс тілеймін.

Маңғыстаудың жер қойнауында жатқан байлығын ашып, игеру сынды іргелі жұмыстарды атқаруда табандылық, іскерлік, біліктілікпен мұнай-газ кешенінің қуатын күшейте беріңіздер!

«Oil Construction Company» ЖШС ұжымы

## Құрметті әріптестер!

1966 жылдан бері киелі Маңғыстаудағы мұнайгаз кенорындарына коммуникация және желі байланысы қызметтерін көрсетумен айналысып келе жатқан «Мұнайтелеком» ЖШС қазіргі заманғы өндірістік-технологиялық базасы және жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз етілген жетекші кәсіпорындардың қатарына кіреді.



Мекеменің негізгі мақсаты кен орнындарында телебайланыс пен стационарлық және қозғалмалы радиобайланыс орнатып, ғаламтор және телефон байланысымен қамтамасыз етуге, автоматтық және телемеханикалық жүйелеріне, өлеуші құралдарына техникалық қызмет көрсету болғандықтан, осы аталған жұмысты іске асыру үшін компанияның құрамындағы бөлімшелердің еңбегі зор екені белгілі. Тиімді менеджмент және үнемі жаңа технологияларды енгізудің арқасында компания дамып, болашаққа сеніммен қарайды, әлеуметтік-мәдени салада Серіктестік қызметкерлерінің игілігі үшін қайырымдылық акцияларын және басқа да әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыруда. Тамаша еңбек дәстүрі, қызметкерлердің жоғары кәсібилігі мен біліктілігі «Мұнайтелеком» ЖШС-нің өндірістігі ұстанымын одан әрі сақтап және нығайта түсетіндігіне сенімдімін!

«Мұнайтелеком» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылғанына 50 жылдық мерейтойы атап өтілді. Мерейлі мерекелік жиынға мекеменің ардагерлері шақырылды. Олар сонау 1966 жылдың қазан айында құрылған байланыс конторының тарихына оралып, естелік әңгімелерін айтып, мекеменің болашағына табыстар тіледі. Ардагерлерге юбилейлік медальдар тағылды. Салтанатты шарада «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-нан, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-нан және Серіктестігімізбен үзегілес келе жатырған «АНС» ЖШС, «ОК» ЖШС, «ОСК» ЖШС, «ОТК» ЖШС, «МЭМ» ЖШС-нен келген құрметті қонақтар өз құттықтау лебіздерін жеткізді. Жарты ғасырлық мерейтойда бірнеше номинациялардың жеңімпаздары анықталып, олар юбилейлік сыйлықтармен марапатталды.

Құрметті әріптестер, ардагерлер, сіздерді мерейлі Мұнайшылар күнімен құттықтаймын! Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еліміздің баянды болашағы, игілігі жолындағы еңбектеріңізге үлкен жетістіктер мол табыстар тілеймін. Сіздерге келешекте де Қазақстанның өсіп-өркендеп дамуына қосқан үлестеріңізге және де кен игеру саласындағы абыройлы істеріңіздің ырысы мен берекесін көруіңізге тілектестік білдіремін. Дендеріңіздің сау болып, жанұяларыңызға тұрақтылық пен жаңа белестерге жетулеріңізге тілектеспін!

**Ә.Е. Бекжанов**  
«Мұнайтелеком» ЖШС Бас директоры


## АТА ЗАҢ – ТӘУЕЛСІЗДІК ТІРЕГІ

«Конституция – елдегі қоғамдық күштердің шын мәніндегі ара қатынасы» – деп Фердинанд Лассаль осыдан бір жарым ғасыр бұрын айтқан екен. Осы бір қанатты сөздің ақиқатына дербес өмірге бет алған әрбір мемлекеттің көзі жеткені анық. Ендеше, еркіндігіміздің негізі болып отырған Конституцияның Қазақ елі үшін орны бөлек. Ол – мемлекетіміздің тұрақты дамуының кепілі. Ол – тәуелсіздігіміздің іргетасы. Ата Заңымызды қабылдай отырып, тәуелсіздігімізді нақтылай түстік.

Осыдан 22 жыл бұрын қабылданып, тәуелсіздігіміздің тірегіне айналған Ата заң мемлекет пен қоғамда орын алып отырған барлық саяси-экономикалық, әлеуметтік реформалардың ілгері басынуына, дамуының қайнар бастауына айналды. Осы аралықта мемлекет пен қоғамның дамуындағы өзгерістер-демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнығу талпыныстарының бәрі де Ата заң қағидалары негізінде жүзеге асырылып келеді.

Сонымен Конституциямыз тәуелсіз еліміздің дамуына даңғыл жол ашып, қолға алған бағдарының тұтастай бөлігін қамтып отыр десек болады. Тәуелсіздігіміздің тірегіне айналған Ата заңымызды құрметтеп қорғау, оның маңыздылығын жоғалтпай сақтау Қазақстанның әрбір азаматының міндеті мен парызы болуы тиіс дегім келеді.

Қымбатты мұнайшылар! Сіздерді шын жүректен Конституция күнімен құттықтаймын. Қоғамның өркендеуіне қарқын қосып, Қазақстан халқының бірлігіне жол бастаған Ата заңда бекітілген



республикамыздың тұғырлы қағидалары бүгінде өзінің өмірлендігін дәлелдеді. Қазақстан халықаралық қоғамдастықта лайықты орын алып, биік белеске көтерілгені осының айғағы. Әрбір қазақстандық келешекке көруен тартқан мемлекетіміздің тұрақты дамуының кепілі Конституцияның мемлекет пен қоғам үшін ғана емес, өзінің жеке басы мен отбасы үшін де маңыздылығын терең сезінеді. Жылдан жылға біздің басты құндылықтарымыз – Тәуелсіздігіміз, келісім мен бірлігіміз нығая берсін. Әр шаңыраққа құт-береке, ырыс пен ынталық тілеймін. Ел іргесі аман, келешегіміз кемел болсын!

**Айшолпан Абдикадирова,**  
«Oil Services Company» ЖШС  
заң бөлімінің бастығы



Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру

# ҰЛТТЫҚ САНАНЫ ТҮЛЕТУГЕ ҮЛЕСІМІЗ

Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді.

Н.Назарбаев

Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» атты мақаласында еліміздің дамыған 30 елдің қатарына қосылу мақсатына жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс екендігін баса айтты. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады. Рухани жаңғыру бір күнде атқарылатын жұмыс емес. Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Осыны жаңғыру дегеніміздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай.

Тарихтан белгілі, ұлттық дамудың ықпалы заманнан жалғасып келе жатқан өзімізге ғана тән жолы біржола күйретіліп, қоғамдық құрылымның бізге жат үлгісі еріксіз таңылды, ұлтымызға адам айтқысыз демографиялық соққы жасалды. Жас ұрпақ ұлттық санадан алшақтап, жандандану салдарынан дүбара күйге еніп бара жатқанына бәріміз куәміз. Сондықтан замана сыйынан сүрінбей өткен тарихи тәжірибе мен ұлттық озық дәстүрлерді табысты жаңғыртуға қол жеткізу керек. Жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды.

Патриотизм кіндік қаның тамған жерге, яғни туған жерге деген сүйіспеншіліктен басталады. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша ниетпен атсалысу – «Oil Construction Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің шынайы патриотизмінің намызды көріністерінің бірі. Компаниямыздың басшылығы және Кәсіподақ, Жастар кеңесі бірлесіп осы бағытты жұмыстарды еш уақытта назардан тыс қалдырған емес.



Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі. Бұл – рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі. Өңіріміздегі сондай қасиетті мекен – Маңғыстаудың киесі Бекет атаның Оғландыдағы жерасты мешіті. Оның аумағындағы бүлініп, тозып жатқан жолдарының, суағарларының және басқа келенсіздіктердің ел ішінен, алыс-жақын шетелден жанына медет іздеп келгендерге қиындық туғызып тұрғанын Компания басшысы С.Әбденов мырза көріп, ұжым мүшелеріне жөндеу жұмыстарын өз күшімізбен жүргізуді ұсынған болатын. Ұсыныс бірден қызу қолдау тапты. Компания жұмыскерлері Оғланды жерінде Бекет атаға зиярат ету және жөндеу-тазалу жұмыстарын жүргізу үшін бір адамдай атсалысты.

Жұмыс алаңына келген 70-80 адамнан тұратын құрылысшылар тобы жолдың ескі тастарын қопарып, керек болғанда жерді қазып, су ағатын жаңа науашалар, үстіне темірден тор салған жаңа арналар салды, үш жерден таянышы бар көпір орнатып шықты, электр монтаждары жол бойындағы шамдарды ретке келтіріп және сол сияқты ірілі-ұсақты жөндеу жұмыстарын атқарды. Жастайынан туған жердің аңыз-әңгімелерін бойларына сіңіріп өскен жұмысшылардың Атаның рухына, киесі жерге деген риясыз көңілі, шексіз құрметі әр қадам, әр істе білініп тұрды. Жұмыста ірікілі, артық ың-шың да болған жоқ. Жігіттердің қазақы болмысы, игі іске жұдырықтай жұмылуы ұлттық сана,



халықтың тағылымы мол тарихи мен ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеуінің берік діні бар екендігінің айғағын, болашаққа сеніммен бет алуын көрсетті.

Жұмыс аяғында Бекет ата рухына құран бағыштап Оғландыда, Қаламқас, Жетібай кен орындарында компания ұжымы ас берді.

Біз – ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз.

Біз жат идеологиялардың әсері туралы айтқанда, олардың артында басқа халықтардың белгілі бір құндылықтары мен мәдени символдары тұрғанын есте ұстауымыз керек. Тиісінше, оларға өзіміздің ұлттық құндылықтарымыз арқылы ғана төтеп бере аламыз.

Бүкіл түркі жұртына мәшһүр ежелгі мереке – алаштардың бірін-бірі іздейтін, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсететін, қабақ сынып, қайғы-ренішті кетіретін Амалды компания ұжымы сән-салтанатымен қарсы алады. Ал «Отпан тау» тарихи-мәдени кешенінде атты алаш баласы және шетелдіктер келіп көріскен кезде компанияның Жастар кеңесі мүшелері атсалысып, келген қонақтарды күтіп, мәдени шараларға әрбеленді қатысып жүр.

Сондай-ақ, ықпалы заманнан арқауы үзілмеген Наурыз мейрамы жыл сайын кеңінен тойланады. Еңбек жұмысшылары арасында спорт жарыстары, өнер байқаулары өткізіліп келеді.

Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек. Барлық мерекелерде ұжым мүшелерінің отбасы, балалары, зейнеткерлер де қамтылып отырады. Іс-шаралар қазақ тілінде жол-жоралғылар сақтала отырып, өткізіледі.

Айлардың патшасы болған ораза күндері кен орындарында ауызастар ұйымдастыру, ұлық мейрам Құрбан айт жасау жақсы дәстүрге айналған.

Жастар кенесінің мүшесі Әсет Нұрсәбетовтың ұйымдастырумен өткен Қаламқастағы Домбыра кештері – мазмұнды, әсерлі дүниелер. Ұлттық сана, ұлттық код осындай материалдық емес мұрада сақталды емес пе?!

Біздің қазақ ұлты ретінде басты байлығымыз тіліміз болса, оны қастерлеуді есте ұмытқан емеспіз. «Мұнайлы өлке» газетінің үстіндегі жылғы №5 санында «Қазақша сөйлесейік!» акциясын өткізгеніміз туралы егжей-тегжейлі мақала жарияланды.

Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жол-жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық



рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Ұлттық мұрамыз – біздің рухани кедейліктен сақтап, бар қиындықтан аман алып шығатын қалқан, ұлттық бірегейлігімізді дәлелдейтін сарқылмас бұлақ. Өйткені тамырынан үзілген байтөркінің жапырақ жаймайтыны сияқты ұлттық дәстүр – тамырына сүйенбеген халық та ұзаққа бармайды.

Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтпін тұрмайды, жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса береді. Бәсекеге қабілетті болу тек қана экономикаға байланысты емес, өзіміз құрған мемлекеттің мыңдаған жылғы тарихындағы құндылықтардың барлығы біздің бойымызда болып, кейінгі ұрпаққа жетуі керек.

Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» атты мақаласының бір тармағында берілген бағыт-бағдардың компаниямызда қалай орындалып жатқандығын, рухани байлығымызды көбейтуге, күшейтуге қосқан үлесімізді көрсеттік. Алда әлі қыруар жұмыс күтпін тұр. Елбасының рухани жаңғыру, өлеу туралы Жолдауларын жүзеге асыруға атсалысайық! Ұлттық сананы қайта түлетуге үлес қосайық, ағайын!

А.Есбосын  
«Oil Construction Company» ЖШС

Управление здравоохранения Мангистауской области  
Региональный «Call-центр»

р/м 8 (7292) 30-30-60  
com. тел. 8 (775) 877-62-59

Консультативная поддержка населения по вопросам здравоохранения

Әлеуметтік қамту

# ЖАЙДАРЛЫ ЖАЗ ҚЫЗЫҒЫ

Міне, оқушылардың жазғы демалысы да соңына таяп келеді. Балдырғандардың жазғы демалысын көңілді де қызықты етіп өткізген «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ кәсіптік одағының қарамағындағы «Алау» сауықтыру орталығы биылғы маусыммен аяқтады. «Алау» лагерінің жабылу рәсімі салтанатты түрде өтіп, шараға демалушы балалар мен ата-аналар, демалыс орнының ұжымы мен БАҚ өкілдері қатысты. Биыл «Алау» сауықтыру орталығында Маңғыстаудың түкпір-түкпірінен келген 1 300 бала бес лекте демалып, алдағы оқу жылын ерекше көңіл-күймен бастағалы отыр.



Теңізден ескен кешкі самал жиналғандардың бойын сергітіп, балалардың жанды жадыратар тәтті күлкісі мерекенің соңін аша түсті. Әсем безендірілген сахнада «Алау» лагерінің демалушы балалары мен тәрбиешілер кезек-кезек өнер көрсетті. Бірі ән салса, екіншісі би билеп, енді бірі флеш-моб ұйымдастырды. Салтанатты шараны «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлері кәсіптік одағының төрағасы Талғат Айдынов ашып, жылы лебізін білдірді. Балалардың денсаулығы мықты, көңілі шат болса, ата-ана үшін сол – қуаныш. Бүлдірішіндерге ұмытылмас демалыс сыйлағаны үшін лагер басшылығына ата-аналар да рахметін жаудырып жатты. Мерекелік кеш теңіз жағасында алау жағумен аяқталды.

Балалардың уақытын тиімді өткізіп, денсаулығын нығайтуды көздеген «Алау» сауықтыру лагері 1987 жылы «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясының және жұмысшылардың күшімен салынған. Осы 30 жылдың ішінде «Алауда» 30 мыңға жуық бала демалған.

«Бүгінде сол балалардың өзі ата-ана атанып, енді олардың балалары «Алауда» демалып жүр. Былтырдан бастап жұмысшылардың немерелерін де қабылдай бастадық. Бүлдірішіндерге демалыстың қатты ұнайтыны сонша, қайта-қайта келісі келеді. Балалар бойына күш-қуат жинап, мектепке жақсы көңіл-күймен барады деп ойлаймын», – дейді «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы қоғамдық бірлестігінің төрағасы Талғат Айдынов.

Мұнда балалар күніне 5 мезгіл тамақтанады. Олар Ақтау қаласының көрікті жерлерін, мұражай мен ботаникалық бақты аралап, кинотеатрларда, ойын-сауық

аттракционды алаңсыз демалып, көңіл көтерген. Одан бөлек, бекіре фермасы, түйеқұс шаруашылығы, жылқы фермасының жұмысын көріп, түрлі сала қызметкерлерімен кездескен.

«Лагердің қатты ұнағаны сонша, екінші жыл қатарынан келіп отырмын. Лагерде жана достар таптым. Бассейнге, мұз айдынына, шағын зоопаркке бардық. Маған бәрінен де «пародия күні» қатты ұнады. Бұл күні өңірдегі Psaу болып киініп, пародия жасап, бас жүлдені жеңіп алдық», – дейді 12 жастағы Дания Шотанова.

«Алау» сауықтыру лагерінде балалардың шығармашылық, танымдық қабілетін шыңдай түсу үшін түрлі көңілді шаралар ұйымдастырылып, үйірмелер жұмысы істейді. 13 жастағы Әділет Уәли «Алау» сауықтыру лагерінде ашылған фотостудияда да фотоөнердің қыр-сырын үйренген. «Жетекшіміз фото, видео түсіруді үйретті. Лагерде болатын түрлі шараларды түсіріп, монтаждап, интернетке жүктеуді меңгердім. Маған бәрінен де концерт түсіру ұнады. Болашақта фотограф болғым келеді», – дейді ол.

«Алау» лагеріне алғаш рет келіп тұрған 9 жасар Акерке Сездіханқызы би үйірмесіне жазылған. «Ұстазымыз бізге үнді биін үйретті. Басында қиын болды, би қимылдарын ұмытып қалып жүрдім. Бірақ артынан үйреніп алдым, билеген қатты ұнады», – дейді ол.

«Бір жылды ойласан, ағаш егін е. Он жылды ойласан, ағаш ег. Жүз жылды ойласан, ұрпақ тәрбиеле» деген аталы сөзді еске ұстаған «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы әлеуметтік салаға айрықша көңіл бөліп келеді. Биыл

компанияның ұйымдастыруымен барлығы 1 869 бала жазғы демалысын мазмұнды да мағыналы етіп өткізген. Яғни, «Алау» лагерімен қатар, компания 569 баланы еліміздің оңтүстігі мен солтүстігінде орналасқан демалыс орындарына жіберді. Өңірміздің табиғаты – қатал, өндірісте жұмыс істеу оңай емес, сондықтан компания ең алдымен өндірісте жүрген мұнайшылардың, көпбалалы отбасылардың балаларына жағдай жасауды міндет етіп алған.

«Қостанай облысындағы Бурабайда 303 бала демалса, Биыл алғаш рет Шымкент қаласындағы «Машат Арасан» орталығында 266 бала демалып қайтты. Балалар өте байқампаз, табиғатқа құмар келеді. Олар басқа өңірлердің Маңғыстаудан ерекшелігін, ауа райының өзгеше екенін, бізде кездеспейтін ағаштар мен жануарлардың бар екенін айтады. Демалыстан алған әсерлері шексіз. Бұл жақсы дәстүрді одан әрі де жалғастыратын боламыз», – деп атап өтті «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директордың қар және әлеуметтік саясат жөніндегі орынбасары Нұрсерік Күлерев.

Бүгінде өңірмізде туризм кластеріне ерекше көңіл бөлінуде. Ақтау теңіздің жағасында тұрғанымен ерекшеленсе, Маңғыстау облысында еліміздегі тарихи-мәдени ескерткіштердің басым бөлігі орналасқан.

– Болашақта «Алау» лагерінде демалып жатқан балаларды Маңғыстаудың тарихи орындарына апару да ойымызда бар. Балкім, тарихи ескерткіштерді өз көзімен көргеннен кейін балалардың ішінен болашақ тарихшылар, өлкетанушылар шығар, – делі Нұрсерік Қалдырсыұлы.

Расында, биылғы жаз «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің балалары үшін өте ерекше болды. Өйткені компанияның демеушілігімен 2000 бала ЭКСПО халықаралық көрмесін тамашалап, тарихи сәттің куәсі болып қайтты. Компанияның әлеуметтік мәселелер жөніндегі жетекші маманы Ұлбике Сариеваның айтуынша, балалар ЭКСПО-дағы павильондарды ғана аралап қоймай, Астана қаласына да экскурсия жасаған.

– Балалардың қуанышында шек жоқ. Ата-аналар бүлдірішіндердің жаңа технологияларды көріп, бүкіләлемдік деңгейдегі шарадан ұмытылмастай әсер алғанын, өмірге деген көзқарасы өзгергенін айтады. Баласы ЭКСПО-ға барып келген бір ана қатты әсер алғаны сонша, Астанадан келгеннен кейін төрт күн бойы сөйлескенін, содан кейін ғана фотоларын көрсетіп, көрмеде көрген қызықтарын, көңілге түйгенін айтып тауыса алмағанын айтып келді, – делі ол.

... Осылайша, отызыншы рет есігін айқара ашқан сауықтыру лагері биылғы маусыммен аяқтады. Жаймауық жаз соңына таяп, күлімдеген алтын күз өз кезегін күтіп тұр. Жағдай алау жакқан балалар «Алауда» жолықтырған достарымен кимай қоштасты. Ал «Алау» сауықтыру лагері балдырғандарды келесі жылы да асыға күтеді.

1 қыркүйек - Құрбан Айт

## ҰЛЫҚ МЕРЕКЕ



Мұсылман қауымының ұлық екі мерекесі болса, соның бірі «Ораза айттан» кейін 70 күннен соң басталып, 3 күнге созылатын «Құрбан айт» мерекесі. Мереке Ұлы Меккедегі қажылыққа ұласып, жер-жерде Аллаға арнап құрбандық шалумен аяқталады.

Айттың мән-мағынасына келсек, «айт» сөзі қуаныш пен шаттыққа толы күн деген мағынаны немесе «мереке», «мейрам» деген ұғымдарға саяды. Ал «құрбан» сөзі араб тілінде «жақындау» дегенді білдіреді, яғни жасаған сауап істер арқылы жүректі тазартып, Аллаға жақындай түсу. Ал шариғаттағы терминдік мағынасы – «шарттарымен санаса отырып құлшылық ниетімен мал бауыздау» дегенге келеді. Демек бұл мерекенің мағыналық, тәрбиелік, танымдық тамыры да тереңде жатыр.



Биылғы жылғы Құрбан айт мерекесі қыркүйек айының 1-3 жұлдыздарына түсіпті. Осы орайда «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығы жылдағы үрдіске сай, қасиетті мерекенің құрметіне облыстық «Бекет ата» мешітінің жанында өткен мерекелік шараға өз үлесін қосып, қала тұрғындары мен мешіт жамағатына мерекелік дастархан тарту етті.

Әдеттегідей Компания тіккен ақшаңқан киіз үйдің есігі мерекені тойлай келген барлық тілеулес жандар үшін айқара ашық болып, табылдықтан аттаған әрбір жанға дастарханнан дәм үлестірді. Облыс басшысы Ералы Тоғжанов мұнайшылар шаңырағына келіп, жамағатқа жақсы тілегін айтып Ұйымдастырушылар алқасына, демеушілік көрсеткен кәсіпорындарға өз алғысын білдірді.

Акция

## С ЗАБОТОЙ О ДЕТЯХ

С 1 сентября для сотрудников АО «Мангистаумұнайгаз» стартовала специальная акция АО «Народный Банк Казахстана», предусматривающая бонусы при покупке. Подобная опция стала возможной благодаря Правлению АО «Мангистаумұнайгаз», по инициативе которого и была достигнута договоренность с АО «Народный Банк Казахстана».

В рамках данной акции сотрудники компании получают 5% бонусов за покупку детской одежды, обуви, книг и канцелярии при оплате картами Halyk в любых магазинах мира! Акция продлится до 30 сентября текущего года.

Безусловно, что данная акция станет еще одним приятным подспорьем для нефтяников, поскольку все работники Общества являются держателями карточек АО «Народный Банк Казахстана».



 <p><b>Мұнайлы Өлке</b> Меншік иесі: «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Редактор: Есназар Султанов Редакция алқасы: Ғ.Әбдісәдік, Ж.Кемалова, А.Ақшаева, Е.Қонақбаева Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев</p>	<p>Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 212-424, 212-601 212-603, 212-606 Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады</p>	<p>Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген</p>	<p>Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді ■ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды ■ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды</p>	<p>Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді. Индекс: 64265</p>	<p>«ATIS» ЖШС баспаханасында басылды. Ақтау қаласы, 17 ш/а. тел: 525500</p>
--	--	--	--	--	---